

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 11 қаңтарда жарияланған

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
А.С. Көлгіновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Алтай Сейдірұлы!

Кез келген мемлекетті ұстап тұратын басты құндылық - рухани тұғыры. Солардың қатарында тарихи ескерткіштеріміз бен мәдени мұраларымыз да бар. Бағзыдан баян болған жәдігерлерімізді қаншалықты сақтап қорғай алып жүрміз?

Талай жылдар бойы табиғи апат немесе адам қолынан жойылып бара жатқан жәдігерлеріміздің жайсыз күйін ғалымдар мен азаматтық қоғам жан ұшыра айтып келеді. Дегенмен бұл мәселе әлі күнге дейін кешенді түрде шешімін таппаған.

Бүгінде ежелгі қорымдарға төніп тұрған қауіп өте көп. Бүкіл Қазақстан бойынша заңсыз археологиялық қазба жұмыстарының саны көбеюде. Оның ішінде «қара археологтердан» келетін залал жетерлік. Мысалы, Жетісу облысындағы Қапал қорығын, Маңғыстау облысындағы ескі қорымдарды қазып, барлық құнды бұйымдарын алған соң, оларды ашық-шашық тастап кету орын алып жүр. Мамандардың айтуынша мұндай заңсыз әрекеттермен археологиялық зерттеу жүргізуге лицензиясы бар кейбір ұйымдардың өздері де айналысатын көрінеді. Ал, еліміздің кәсіпкерлері Арқарлыдағы петроглиф таңбалары бар ежелгі тастарды үгітіп, құрылыс материалы ретінде пайдаланып жүр. Кейбір өңірлерде диқандар мен малшылар қорымның үстіне мал жайып, жер жыртып тастаған оқиғалар да жиі кездеседі. Тағы бір мәселе еліміздегі кейбір тарихи-мәдени нысандар мемлекет тізіміне енбеген.

Осылардың нәтижесінде археологиялық жәдігерлер еркін сауда айналымында жүр. Табылған ежелгі бұйымдарды кім-көрінген емін-еркін шетелдерге әкетуде. Мұны бақылап жатқан ешкім жоқ.

Өңірлердегі тарихи мұраларды қорғау инспекциялары қауқарсыз болып отыр. Өйткені тарихи-мәдени мұра объектілерінің жай-күйін қадағалауға

қараушылар бекітілген. Алайда қараушылардың жұмысы, штаттық саны, төлемақылары, көлігі және жанармайлары заңды түрде бекітілмеген.

Мәдениет және спорт министрлігінде археологиялық зерттеумен айналысуға лицензиясы бар 176 серіктестік тіркелген. Археологиялық жұмыстарға арнайы мамандандырылмаған мекемелерге лицензиялардың жаппай берілуі салдарынан қаншама жауапсыздық орын алуда. Осындай жағдай тарихи және мәдени ескерткіштерді реставрация жасау кезінде де орын алып отыр.

Мінекей, археология мен геральдика саласындағы атқарылар кешенді әрі жүйелі шаруаларды үкіметтен күтіп жүргенімізде, бар құндылығымыздан айырылып қалар жағдайға жеттік.

Тарихи-мәдени нысандарды сақтауда, қорғауда және бақылауда мемлекеттік жүйе өте әлсіз. Осыған байланысты келесі мәселелерді шешуді ұсынамыз:

1. Қазақстанда археологиялық зерттеу жұмыстарын кешенді атқару үшін мемлекеттік жүйе қалыптастыру қажет.

2. Мәдениет және спорт министрлігі ежелгі тарихи-мәдени ескерткіштердің ортақ базасын құруы тиіс.

3. Зерттелген ескерткіштерді сақтау мен музейлендіру шаралары міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Әр облыстың аумағы бойынша петроглифтер картасы жасалуы керек.

4. Тарихи мұраларды қорғау инспекциялары қызметкерлерінің жұмыстарын және материалды-техникалық базасын нығайту бойынша тиісті шаралар қабылдансын.

5. «Қара археологиямен» айналысатын көмбе қазушылардың ісіне тыйым салу мақсатында заңсыздықтарды анықтау, жауапқа тарту және алдын-алу механизмін нақтылау қажет және қолданатын жазаны әкімшілік құқық бұзушылықтан алып, қылмыстық құқық бұзушылыққа ауыстыру мәселесі қаралсын.

6. Археология және реставрация жұмыстарын жүргізуге арналған лицензия беру тәртіптерін қайта қарау керек.

7. Батыс Еуропаның бірқатар елдерінің оң тәжірибесін ескере отырып, металл детекторларын сатуды және пайдалануды заңнамалық тұрғыда реттеу қажет, ал жеке тұлғаларға оларды сатып алуға және пайдалануға тиым салынуы керек.

Осы аталған ұсыныстарды қарап, заңнамада белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен,
депутаттар –
«Жаңа Қазақстан»
депутаттық тобының мүшелері

М. Тәжмағамбетова

Е. Жаңбыршин

Ә. Әбсеметова

Г. Бижанова

С. Мусабиев
Н. Ожаев
Ж. Сүлейменова
Б. Смағұл
Ғ. Ташқараев

**«АМАНАТ» партиясының
фракция мүшелері**

А. Әлтай
Е. Тайжанов

**«Ақ жол» партиясының
фракция мүшесі**

Қ. Иса

Орын.Габдуллина Ж.
Тел.74-63-28
Gabdullina@parlam.kz